

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 5 қарашадағы N 639 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 26 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5892 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 7 -1/319 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2014 № 7-1/319 бұйрығымен.**

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына келесі толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1 ) < \* >

**Ескерту. 1) тармақшаның күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012.03.30 № 18-02/144 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

2) "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу туралы Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі N 199 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде N 5198 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде 318 бет, N 5, 2008 жылы жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу Ережесіне:

2 және 24 тармақтарда "ветеринарлық қадағалануға" деген сөздер " ветеринариялық-санитариялық бақылануға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"1) ветеринариялық-санитариялық сараптама – жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының ветеринариялық нормативтерге сәйкес келуін органолептикалық, биохимиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, уыттық және радиологиялық зерттеулер

